

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қыркүйектегі N 845 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 16 қаңтар N 30. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жол шаруашылығын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қыркүйектегі N 845 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 31, 269-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспедегі "Автомобиль жолдарының тиімді жұмыс істеуін, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі N 156-ХІІІ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат), Қазақстан Республикасы Президентінің " Жол қоры туралы " 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2701, " Жер туралы " 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 заң күші бар Жарлықтарына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жарнасы, 1995 ж., N 23, 151-құжат; N 24, 159-құжат) және "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 29-1 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат)" деген сөздер "Автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ету, жалпы пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын салу және күтіп ұстау үшін берілген жерлерді жол органдарының ұтымды пайдалануы мақсатында және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы " 1994 жылғы 21 қыркүйектегі, " Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы " 1996 жылғы 15 шілдедегі, " Жер туралы " 2001 жылғы 24 қаңтардағы, " Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақтың екінші абзацында "және жол құрылысын" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында

автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдаланудың тәртібінде: тақырыбында, 2-тармағында және 7-бөлімнің тақырыбында "және жол құрылыстарын", "мен жол құрылыстарын" деген сөздер алынып тасталсын;

1 - тармақ алынып тасталсын;

3 - тармақта :

"жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын пайдаланушылардың, жол органдарының және шаруашылық автомобиль жолдары иелерінің" деген сөздер "жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын пайдаланушылардың, жол органдарының және автомобиль жолдарын басқарушылардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2, 3-бөлімдер тақырыптарының және 7-тармақтың қазақ тілдегі мәтіндері өзгеріссіз қалады ;

10, 12, 17, 22 - тармақтарда :

"бақыланатын аймақтың", "бақыланатын аймағына", "бақыланатын аймақ" және "бақыланатын аймақта" деген сөздер тиісінше "жол бойындағы жолақтың", "жол бойындағы жолағына", "жол бойындағы жолақ" және "жол бойындағы жолақта" деген сөздермен ауыстырылсын ;

11-тармақта "жол иесі" деген сөздер "автомобиль жолдарын басқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12-тармақтың бірінші абзацының қазақ тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалады ;

13-тармақта "жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары" деген сөздер "көлік саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"14. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдерін, сондай-ақ автокөлік құралдарының салмақтарын және автокөлік құралдарының білікке түсетін жүктемелерін, автокөлік құралдарының жүріп өту ережесін және рұқсат құжаттарын беру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алым ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. ";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"18. Жалпы пайдаланылатын халықаралық және республикалық автомобиль жолдарының бойындағы жолақтарға жол қызметі объектілерін және жол сервисі объектілерін қоспағанда, күрделі құрылыстар салуға тыйым салынады. ";

25-тармақта "осы жол басқаруындағы жол органы өкілінің" деген сөздер "жол органы өкілінің және автомобиль жолдарын басқарушы өкілінің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын :

"4. Жол органдары мен автомобиль жолдарын басқарушылардың автомобиль

жолдарын пайдаланушыларға қатысты құқықтары мен міндеттері";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Жол органдарының қызметкерлері заңнамада белгіленген тәртіппен жол элементтерін бүлдіретін немесе ластайтын не жүріп өтуге арнайы рұқсаты жоқ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарын автомобиль жолының көлік құралдары жүретін бөлігінен тысқары әкетуді талап етуге құқылы";

32-тармақтың үшінші абзацында "жол органдары мен" деген сөздерден кейін "автомобиль жолдарын басқарушылардың," деген сөздермен толықтырылсын;

33-тармақта "жол қозғалысына қатысушыларға" деген сөздер "автомобиль жолдарын пайдаланушыларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

36-тармақта "қозғалысқа қатысушыларға" деген сөздер "автомобиль жолдарын пайдаланушыларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

38-тармақта "жол органдарының" деген сөздерден кейін "және автомобиль жолдарын басқарушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда жол жұмыстары автомобиль жолдарын басқарушылардың жол полициясымен келісілген рұқсаттарын алғаннан кейін жүзеге асырылады";

47-тармақтың екінші абзацында "республикалық немесе облыстық жол қорына" деген сөздер "тиісті бюджетке" деген сөздермен ауыстырылсын;

50-тармақ алынып тасталсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарының жерлері пайдаланудың тәртібінде:

2-тармақ алынып тасталсын;

5-тармақтың үшінші абзацында "Қысқа мерзімге (3 жылға дейін) және ұзақ мерзімге (3 жылдан 99 жылға дейін) деген сөздер "Қысқа мерзімге (5 жылға дейін) және ұзақ мерзімге (5 жылдан 49 жылға дейін)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта "бақыланатын аймағының" деген сөздер "жол бойындағы белдеуінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

27-тармақта:

"жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар" деген сөздер "жерге орналастыру органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"автомобиль жолдарын басқару органдары мен" деген сөздер "жол органдары мен автомобиль жолдарын басқарушылардың және" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан

Республикасының

Премьер - Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК